



Сәкен туған мекенде...

КҮНДЕГІ ӘДЕТІММЕН САБАҚ БАСТАЛАРДАН 20 МИНУТ ЕРТЕ БАРЫП, СӘКЕН АТАМНЫҢ
ЖАНЫНА КІДІРІП, СЫНЫПТАСТАРЫМДЫ КҮТТІМ. БҰЛ МЕНІҢ ОН ЖЫЛ БОЙҒЫ ӘДЕТІМ.
МЕКТЕБІМІЗ - СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯ.

Сәкен Сейфуллиннің кім екенін мектеп-гимназиямыздың оқушылары жақсы біледі. Мектепке қабылданған күннен бастап ұстаздарымыз миымызға құйып тастаған. Ол кісінің қияқ мұртты әдемі кескінін, елі сүйген ерекшелігін, Алаш ұлы атанған ұлылығын мақтанып тұрып айтамыз. «Сәкен Сейфуллин атындағы мектеп-гимназиясының оқушысымын» дейміз.

Жуырда жол түсіп Сәкен атамыздың кіндік қаны тамған жердің топырағын табанымызбен басып келдік. Өзін-өзі тану пәнінен беретін ұстазымыз Гүлбахрам Қайроллақызы мектебіміздің белсенді оқушыларын ертіп, бәріміз саяхаттап қайттық. Қарашілікке жеткенше сардаланың қиырына көз қададық та отырдық. Жеткеннен кейін таза ауамен тыныстадық. Бұдан кейін білім ордасына бас сұқтық.

Ауыл мектебі демесеңіз, оқушыларының барлығының дарындары бірінен бірі озып, Сәкеннің әндерін әуелетті. Біз де құр қол бармадық. Көңіл санамыздағы қазынамыздан өлеңдер оқыдық. Сый-сияпат табыстадық.

Ал, Қарашіліктің табиғатын сөзбен айтып жеткізе алмаймын-ау. Онда Сәкен атамыздың анасы мен әкесінің мазары бар. Тізе бүгіп, Құран бағыштадық. Үйлерінің іргетасы ғана қалыпты. Ақынның 120 жылдығына арнап тұрғызылған мүсіні бар екен. Рухты жердің руханиятын сіңіріп, құдды Сәкен атамыздың батасын алып қайтқандай әсермен оралдық.

Аида МҰХАМЕДЖАНОВА,
№7 мектеп-гимназиясының
11 «А» сынып оқушысы.

БАЛҚАШ қаласы.